

«Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4821 тіркелген, 2016 жылдың 14 сәуірінде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) аудандық мәслихаттың шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында (әрі қарай-Қағидалар):

Қағидаларда бүкіл мәтін бойынша «отбасы (азаматтың)», «отбасы мүшелерінің (азаматтың)» сөздері «адамның (отбасының)», «адамның (отбасы мүшелерінің)» сөздерімен ауыстырылсын;

1) «1. Жалпы ережелер» тарауында:

2-тармақ:

8) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалы – «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» департаментінің Байғанин аудандық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті ұйым);

2) «2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері» тарауында:

10 тармақта:

1) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №114-IV «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңының 6-бабында көзделген негіздер;»

3) «3. Әлеуметтік көмекті көрсету тәртібі» тарауында:

16-тармақта:

үшінші абзацындағы «1-қосымша» сөздері «1-1-қосымша» сөздерімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

«банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат».

17-тармақта:

«4)» саны «5)» санымен ауыстырылсын;

8) тармақшасында:

«банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк лицензиясы бар ұйымдардағы немесе екінші деңгейлі банктердегі шоты» сөздері «банк шотының нөмірі туралы мәліметтерді растайтын құжат» деген сөздермен ауыстырылсын;

18-1 тармақта:

үшінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

«Әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-2 қосымшаға сәйкес әңгімелесу парағы және 1-3 қосымшаға сәйкес арызданушының отбасы және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) Қағидалардың 1- қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат;

3) Қағидалардың 1-1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы туралы мәліметтер;

4) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылықтың) белгіленгендігін растайтын құжат;

5) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы;

6) жеке қосалқы шаруашылығының бар - жоғы туралы мәліметтер;

7) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;»

22 тармақ «(3-1-қосымша)» сөзімен толықтырылсын;

25 тармақ «(3-2-қосымша)» сөзімен толықтырылсын

27-тармақ алып тасталсын;

27- 1 тармақ 27 тармақ болып есептелсін;

4) «4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісім шартын жасау»

тарауында:

30-тармақта:

бірінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

Әлеуметтік келісімшарт негізінде әлеуметтік көмек алу құқығы айқындалғаннан кейін уәкілетті орган өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін отбасыға көмектің (бұдан әрі - жеке жоспарын) денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2016 жылғы 17 мамырдағы №385 «Өрлеу» жобасына қатысуға арналған құжаттар нысанын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 6 маусымда №13773 болып тіркелген) нысандарға сәйкес отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады».

екінші абзацындағы:

«2 тармағында» сөздері «32 тармағында» сөздерімен ауыстырылсын;

5) «5. Көрсетілген әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздемелер»

тарауында:

37-тармақта:

5) тармақша алып тасталсын.

2. Көрсетілген Қағидалардың 1, 1-2, 1-3, 3-2-қосымшаларындағы «Өрлеу» сөзі

«Шартты ақшалай көмек» сөздерімен ауыстырылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі